

Азиялық Даму Банкі Арнаулы көмегінің жобасы жөніндегі кәдімгі операция займын пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 4 тамыз N 1079

Азиялық Даму Банкі Арнаулы көмегінің жобасы жөніндегі кәдімгі операция займы қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

осы займды өтеу кестесіне сәйкес 1995 жылдан бастап жыл сайынғы бюджет жобасында проценттер төлеуге, ал 2000 жылдан бастап - проценттер мен негізгі борышты өтеуге қажетті қаржы көздейтін болсын;

1995 жылдан бастап жыл сайынғы бюджет жобасында осы займ қаражатын пайдалануды тексеру жөнінде тәуелсіз халықаралық аудитор фирмасының қызметіне төлеу үшін қажетті қаржы қарастырсын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет:

1994 жылғы қыркүйектен қарашаға дейінгі кезең ішінде

ұсынылған кеден декларациясы мен басқа да бірге берілген құжаттар негізінде 15,0 (он бес) млн. АҚШ доллары сомасына ретроактивті қаржыландыру жөніндегі импорт тауарларын көрсететін жиынтық кесте әзірлеп, Азиялық Даму Банкіне жіберсін;

займ қаражатын пайдалану есебін жүзеге асырсын, сондай-ақ осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Азиялық Даму Банкіне есеп беретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК